

«Сұлукөл ЖОББМ» КММ

Педагогикалық кеңестің № 8 хаттамасы

Сұлукөл ауылы

16.08.2023ж

Қатысқандар: 20 педагог

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін өзі аттестаттау қорытындысы туралы. (А.Утегенова)
2. Мұғалімдерді тамыз конференциясына марапатқа ұсыну (А.Ақылбекова)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, мектеп директоры А.Утегенова сөйледі. Мектепте жоспарға сәйкес өзін өзі бағалау комиссиясы құрылып, бақылау өлшемшарттарына сәйкес комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар беріліп, бағалау жүргізілді. Өзін өзі бағалау кезінде комиссия мүшелері мектептің оқу жұмыс жоспарын, кунделік.кз электронды журналын, ҰББДҚ, е портфолио, мұғалімдердің іс қағаздарын, мектеп алды даярлық сыныбының құжаттарын зерделеді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамына анализ жасалды. Мектеп мамандармен қамтылған, мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. Тексеру барысында білім саласындағы нормаларына қайшы келетін құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп қызметін және ішкі тәртібін іске асыратын құқықтық құжаттары жасақталған. Білім саласындағы бағдарламалары орындалуда және мектепке қойылатын талаптары заңнамаға сәйкес келеді.

Пед.кеңес шешімі:

«Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі аттестаттау және бағалау жұмыстарының қорытындысы негізінде мектеп жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Пед.кеңестің төрайымы:

Хатшы:



А.Утегенова

С.Жумагулова